

**«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
« ҚАЗАНҒАП АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ӨНЕР МЕКТЕБІ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫ
2023-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ
ЖОСПАРЫ**

Даму жоспарының мақсаты	Педагог мамандардың кәсіби сындарлылығын қалыптастыру, білім алушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруға, дамытуға әлеуметтік және кәсіптік қалыптастыруға бағытталған қосымша білім алу үшін қосымша білім беру жүйесіндегі балалардың бос уақытын тиімді және мазмұнды ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау, салауатты өмір салтын қалыптастыру
Даму жоспарының міндеттері	Білім берудің міндеттері -Білім беру бағдарламасының ҚР Балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету; - Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған балаларға сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; - Білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету; - «Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінде» Қазақстан Республикасының интеллектуалды, рухани дамыған азаматын қалыптастыру; - Ақпаратты талдаудың практикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, өзін-өзі оқытуға ықпал ететін инновациялық әдістерге, оқыту технологияларына, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңейтуге көшу; - «Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінде» барлық мамандықтар бойынша болашаққа мамандықты саналы түрде таңдау мақсатында терең оқытуды ұйымдастыру; -білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында білім беру процесін ұйымдастыруды жетілдіру; -Білім беру мекемесінің ашық ақпараттылығын қамтамасыз ету;

	Тәрбие жұмысын дамыту және жетілдіру - оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін мектептен тыс мекемелермен қарым-қатынас орнату; Дарынды балаларды қолдау жүйесін қалыптастыру - қабілетті және дарынды балалар базасын құру, оларды байқауларға, сайыстарға жоспарлы түрде қатыстыру ; Кадрлық әлеуетті дамыту - шығармашыл жас мамандарды жұмысқа тарту, «Жас мамандар тобын» ұйымдастыру. Мектеп инфрақұрылымын дамыту - Республикалық, облыстық, қалалық білім орындарымен қарым-қатынас орнату; Мектептің басқару жүйесін жетілдіру - мемлекеттік стандарттың орындалуын қадағалау; - өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жаңашалау (Педкеңес, әдістемелік кеңесі, директор жанындағы кеңес); - Қамқоршылық кеңесімен қарым-қатынас орнату; -Ата-аналар комитетімен тығыз жұмыс жасау
Күтілетін нәтиже	- өмірге бейім, білімді жеке тұлғаны және зерттеушілік мәдениеті жоғары мұғалімдер ұжымы қалыптасады; - білім алушылардың білім сапасының артуы байқалады; - сапалы білімнің қолжетімділігі қамтамасыз етіледі; - дарынды балалардың әр саладағы интеллектуалдық және шығармашылық жұмыстармен айналысуға, дамытуға қолдау көрсетіледі; - рухани-адамгершілік, азаматтық, патриоттық тәрбие жұмысының тиімділігі артады; - мектептің өзін-өзі басқаруы жетіледі; - педагогтардың сапалық құрамы сақталады және артады; - педагогика саласында жас мамандар саны артады; - мектептің материалдық-техникалық базасы дамып, заманауи оқу құралдарымен толықтырулар көбейеді; - басқа білім орындарымен қарым-қатынас аймағы кеңейеді;

	- қалалық, облыстық білім ордаларымен мектептің бәсекелестігі артады; - өзін-өзі басқару органдарының жұмысы жетіледі;
Мерзімі	2023-2026 оқу жылдары
Орындаушылар	Мектеп ұжымы, қамқоршылық кеңес, ата-аналар, оқушылар, мектептің оқу-тәрбие үдерісіне қатысты мамандар мен қызметкерлер тобы

Кіріспе

Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі білім беру жүйесінде әр оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін ашуға және дамытуға, еркіндікті қалыптастырып, жайлы ахуал туғызуды, шығармашылық қабілеттерді шыңдауға, оқу мен оқыту қызметтерін жақсартуға халықаралық тәжірибені үйлестіре енгізуге, білім берудің инновациялық әдістерін қолдану арқылы функционалдық сауаттылық деңгейін көтеруді негіздейді. Бүгінгі заман талабына сай білім берудің сапасын арттыру және жаңалау нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында осы даму жоспары жасалынды. Бұл жоспар Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінің стратегиялық жағдайы мен басымдықтарын 2023-2026 оқу жылдарында дамытуды бағыттады. Даму жоспары өнер мектебінің жай-күйінің заманауи өзгеруіне, жаңа құрылымға енуіне, білім сапасын арттыруды, қоғам мен мемлекетке тұлғаның заманға сай қажеттілігін қамтамасыз етуіне арналады.

Ұжымның педагогикалық ұстанымы - педагогтардың бірлескен жұмысының нәтижесінде өз оқушыларына қолжетімді білім алуды ұсыну және жеке қабілеттері мен таңдау мүмкіндіктері бар сындарлы жаңашыл орта қалыптастыру.

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
«ҚАЗАНҒАП АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ӨНЕР МЕКТЕБІ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
2023-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ
ЖОСПАРЫ

	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі дамуының негізгі бағыттары	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
Бөлімдер тізімі			
1.	Білім беру қызметі		
1.1	Мектептің негізгі жұмыс жоспарын құру	шілде, тамыз	Директор, директордың орынбасарлары
1.2	Өнер мектебінде қосымша білім беру сапасын басқару және балалардың білім беру процесінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мәселелерін шешетін ғылыми-әдістемелік жобалар қарастыру	үнемі	Мектеп ұжымы
1.3	Білім берудің барлық деңгейі бойынша мектеп мәртебесін көтеру	үнемі	Директор, директордың орынбасарлары
1.4	Білім беру сапасын жақсарту жөнінде жұмыстың тиімділігін бақылау	жыл сайын	Директор, директордың орынбасарлары
1.5	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі оқу жоспарларын әзірлеу, оқушылардың сабақтан тыс уақыттарында байқауларға қатысуын ұйымдастыру	тамыз, жыл бойы	Директор, директордың ТІЖО
1.6	Білім сапасын арттыру шеңберінде Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі мұғалімдерінің жұмысына талдау жасау	үнемі	Директор, директордың ОІЖО
	Орталықтың ғылыми - әдістемелік жұмысы		
1.7	Педагогтарға арналған әдістемелік ұсыныстарды өңдеу (Жоспарлау, есеп беру, білім беру бағдарламаларын құру және т.б)	Қыркүйек-мамыр	Директордың ОІЖО

	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі дамуының негізгі бағыттары	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1.8	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі балалар жетістіктерінің мониторингін құру	жыл бойы	Директордың ТІЖО
1.9	«Өрлеу» Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған курстардың жұмысына педагогтар мен әдіскерлердің қатысуын қамтамасыз ету;	барлық кезең бойынша	Директордың ОІЖО
1.10	Авторлық білім беру бағдарламаларын енгізу	барлық кезең бойынша	Директордың ОТІЖО
1.11	Педагогтардың портфолиоларының толықтырылуын бақылауға алу;	жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
2. Тәрбие жұмысының жүйесін жетілдіру			
2.1	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі оқушыларын әр түрлі дәрежедегі жарыстарға, байқауларға қатыстыру	барлық кезең бойынша	Директордың ТІЖО, Педагог-ұйымдастырушы
2.2	«Денсаулық күніне» арналған медбикенің қатысуымен іс – шаралар ұйымдастыру	оқу жылы ішінде 2рет	Директордың ТІЖО, Педагог-ұйымдастырушы
2.3	Дарынды балаларға арналған деректер базасын құру және дамыту	2023 – 2026 жыл	Директордың ТІЖО, Педагог-ұйымдастырушы
2.4	Қолданыстағы жұмыс жүйесін кеңейту, қосымша білім беру мекемелерін тарту	барлық кезең бойынша	Директордың ТІЖО Педагог-ұйымдастырушы
2.5	Азаматтық рухани патриотизмді тәрбиелеуге бағытталған іс шаралар жүйесін жетілдіру	барлық кезең бойынша	Директордың ТІЖО Педагог-ұйымдастырушы
2.6	Мектепшілік өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастыру	барлық кезең бойынша	Педагог-ұйымдастырушы
3. Дарынды балаларға қолдау көрсету жүйесін дамыту			
3.1	Дарынды балаларға арналған мектеп бағдарламасының іске асырылуын дамыту	барлық кезең бойынша	Директордың ОТІЖО Директордың ТІЖО
3.2	«Жыл оқушысы» мектепшілік конкурс өткізу	жыл бойы	Директордың ТІЖО
3.3	Кәсіби жетістіктері бар мамандармен кездесулер	жыл бойы	Директордың ТІЖО

	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі дамуының негізгі бағыттары	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
	ұйымдастыру		
3.4	Дарынды балалармен білім беру аймағын құру мақсатында кеңес беру	барлық кезең бойынша	Директордың ОТІЖО, педагог-психолог
3.5	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі оқушылары порфолиосы жұмысының жүйесін жетілдіру;	барлық кезең бойынша	Әкімшілік, ОТІЖО
3.6	Білім алушылардың шығармашылық жұмыстарын жинақтау;	барлық кезең бойынша	Әкімшілік, ОТІЖО
3.7	Дарынды балаларды ерте анықтау	барлық кезең бойынша	ОТІЖО, педагог-психолог
3.8	«Екі жұлдыз» мектепшілік оқушы мен оқытушы арасындағы өнер байқауы	Жоспар бойынша	Директордың ТІЖО Педагог-ұйымдастырушы
4. Кадрлық әлеуетті дамыту			
4.1	Кәсіби шеберлігіне байланысты байқауларға қатысу	Жыл бойы	Директордың ОТІЖО
4.2	Педагогтардың біліктілік санатын, қалалық, облыстық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдерге қатысу	барлық кезең бойынша	Директордың, ОТІЖО Директордың ТІЖО
4.3	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі педагогтарымен және қосымша білім беру ұйымдарының мұғалімдерімен ашық сабақтар, мастер-класстар және семинар-конференция шараларын өткізу	барлық кезең бойынша	Директордың, ОТІЖО
4.4	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі педагогтарымен курстық жұмыстар жүргізуге дайындықты іске асыру	барлық кезең бойынша	Директордың, ОТІЖО
4.5	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі педагогтарының біліктілік санатын көтеруге ынталандыру мақсатында қашықтықтан оқыту, вебинарлар өткізу;	барлық кезең бойынша	Директордың , ОТІЖО
4.6	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі педагогтарымен оқыту семинарларын өткізу	барлық кезең бойынша	Директордың , ОТІЖО орынбасары

	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі дамуының негізгі бағыттары	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
4.7	Электронды баспаларға өз тәжірибесін жариялау	барлық кезең бойынша	Директордың ОТІЖО орынбасары
4.8	Кәсіби басылымдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына педагогтардың мақаласын жариялауға дайындау	барлық кезең бойынша	Директордың ОТІЖО
4.9	Мұғалімдердің білім берудегі жұмыс сапасына қарай айлық жалақысын үстемелеу, материалдық және моральдық ынталандыру механизімін іске қосу және жетілдіру	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
4.10	Педагогтардың электронды портфолиосын жасаудағы жүйесін ұйымдастыру және жетілдіру	2021-2024 жж	Директордың ОТІЖО
4.11	«Жылдың үздік педагогі» атты байқау ұйымдастыру	Жоспар бойынша	Директордың ТІЖО
4.12	Педагог пен оқушылар байқауларының мониторингін өткізу	барлық кезең бойынша	Директордың ТІЖО Педагог-психолог
4.13	Мұғалімнің психологиялық және педагогикалық күзіреттілігін жетілдіру мақсатында семинарлар өткізу	2021-2024 жж	Педагог-психолог
4.14	Ұжымның қалыптасуына мектеп психологімен бірігіп, семинарлар мен практикумдар өткізу	2021-2024 жж	Педагог-психолог
5. БӨМ –нің инфрақұрылымын жетілдіру			
5.1	Нормативті талаптарға сәйкес оқу процесі мен оқу жабдықтарына мониторинг өткізу	Жыл бойы	Директордың ОТІЖО
5.2	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі кабинеттерін, заманауи оқу-дидактикалық материалдармен, электронды оқу құралдарымен жабдықтау	барлық кезең бойынша	Директор, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
5.3	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі ғимаратына ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті құжаттарды уақытында дайындау, жаңа оқу жылына мектепті дайындау	жыл бойы	Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
5.4	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі алаңын көгалдандыру	2023 – 2026 жж	Шаруашылық жөніндегі орынбасары

	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі дамуының негізгі бағыттары	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
5.5	Байқауларға қатысуға, оқуға мүмкіндік жасауға ғаламторға оңай қолжетімділік болу	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
5.6	Қосымша білім беру оқу орындарымен келісім-шарт құру	барлық кезең бойынша	Директор
5.8	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінің дайындық сабақтары туралы жұртшылықты ақпараттандыру алаңын кеңейту, ашық есік күндері, қоғамдық есеп, мектептің веб-сайтында ақпарат орналастыру	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
6. БӨМ –нің басқару жүйесін дамыту			
	Қоғамдық мемлекеттік жұмыстарды басқару		
6.1	Педагогикалық кеңес жұмысының жүйесін жетілдіру (директор жанындағы кеңес, өндірістік кеңес)	барлық кезең бойынша	Директор
6.2	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі жұмысшыларын ынталандыру үшін еңбек ақысын төлеу жүйесін жетілдіру	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
7. Күтілетін нәтижелер			
7.1	Дарынды балалардың нақты дамуына жағдай жасалады.	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
7.2	Қосымша оқу барысында қажеттіліктер туындаған мамандықтар класының ашылуына барлық жағдайлар жасалады	Жыл басы	Әкімшілік
7.3	Педагогтардың біліктілік санаттары сақталынып және толықтырылады.	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
7.4	Педагогика саласында жас мамандар саны артады.	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
7.5	Музыкалық бағытта кәсіби мамандандырылған мектеп-интернатын ашуға жағдайлар жасау	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
7.6	Мектептің материалдық – техникалық базасы дамып, заманауи оқу құралдарымен толықтырулар көбейеді.	барлық кезең бойынша	Әкімшілік

	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі дамуының негізгі бағыттары	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
7.7	Басқа білім орындарымен қарым – қатынас аймағы кеңейеді.	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
7.8	Ата – аналар комитетін құра отырып мектеп, мұғалім, ата-ана және оқушылар жұмыстарын тығыз байланыста жүргізіп, ортақ жүйеге келтіру.	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
7.9	Облыстық, қалалық білім ордаларымен мектептің бәсекелестігі артады.	барлық кезең бойынша	Әкімшілік
7.10	Өнер мектебі жұмыстарын жүргізу негізінде, талантты оқушылар болашақ мамандыққа дайындалады.	барлық кезең бойынша	Әкімшілік